

Аудиттің түйінді мәселелері, жалғасы

Біз келесі түйінді мәселелерді анықтадық, оларды есебімізде хабарлауымыз тиіс:

Тәуекел

Біздің әрекетіміз

Шағымдар мен шағымдарды реттеу шығыстары бойынша резервтер («сақтандыру шарттары бойынша резервтер»)

Есеп беру күніне белгілі факттерге сүйене отыра, бағалануы жасалатын болған шығындар бойынша міндеттерді реттеудің ортақ соңғы мөлшерді қамту үшін, жалпы сақтандыру келісімдері бойынша шығындар резерві (сонымен қатар мәлімденген шығындар мен болған, бірақ мәлімденбеген шығындар) құрылады.

Шығындар бойынша резерв деңгейі (мәлімденген шығындар бойынша резервтерді және болған, бірақ мәлімденбеген шығындарды қоса алғанда) мүмкін болатын шығындар туралы ескертулерді, осындай шығындармен жұмыс тәжірибесін және прецеденттік құқықты қоса алғанда, есеп беру күніне қол жетімді ақпараттың негізінде жасалған. Компания мәлімденген шығындар бойынша резервті бағалау үшін сақтандыру келісімдерінің әр сыныбына резервті түзету бойынша шығындарды қоса алып, бүгінгі күні қол жетімді барлық және мүмкін болатын ақпаратты пайдаланады. Болған, бірақ мәлімденбеген шығындар бойынша резерв (ары қарай – «БМЗР»), өтелген шығындар негізінде қажет мәліметтер бар болатын барлық сыныптар бойынша тізбектік саты модифицирленген Әдісін қолдану арқылы бағаланған. Шығындар бойынша резервтер сақтандырудың әр түрі бойынша жеке сарапталады. Сонымен қатар, анағұрлым ірі шығындар бойынша шығынды бағалаушылармен бөлек бағалау жүргізіледі немесе актуариялар жеке болжам жасайды. Әдетте, шығындарды болжау кезіндегі жорамалдар ең ықтимал немесе күтілетін соңның максималды түрде дәлелденген бағасын алуға бағытталған. Компания, тәртіпті түрде, резервтерді пайдалану сараптамасын жасайды.

Есептеулер кезінде қабылданатын жорамалдар негізі – өткен кезеңдер шығындарын дамытуға қатысты және оның келешек кезеңдерге экстраполяциясына қатысты Компания тәжірибесі. Мұнда шығындарға қатысты шығыстардың және шығындарды реттеуге алынған шығыстар, сонымен қатар шығындарды өтеу туралы жорамалдар кіреді. Фактілік шығындардың осы бағаларға есеп беру күнінен кейін әсер ету деңгейін бағалау үшін субъективті жорамал пайдаланылады.

Осы саладағы біздің аудиторлық рәсімдерге төмендегілер кірді:

- Шағымдарды реттеу және сақтандыру шарты бойынша қорларды құру процестеріне қатысты Компанияның негізгі бақылау түрлерін бағалай мен тестілеу.
- Нақты жағдайдағы қордың есептік сомасын тиісті құжаттармен салыстыру арқылы қорларды іріктеп тестілеу.
- Белгілі сақтандыру жіктелімдері бойынша қорлар балансына тәуелсіз болжам дайындау.
- Кейінгі төленген талаптар негізінде есеп беру күніне қолданылған абайлаушылық деңгейін анықтау және оны есеп беру күнімен салыстыру.
- Компанияның тарихи тәжірибесі негізінде жорамалдарды болжалдармен, болып жатқан үрдістермен және осы саладағы өз тәжірибемізбен салыстыру.

Сондай-ақ, біз басты жорамалдар мен сақтандыру міндеттемелер көлеміне әсер ететін қорларды есептеу методологиясына бағалау жүргіздік.

Сақтандыру міндеттемелері толықтығын тексеруге қатысты біздің жұмысымызға болжалды ақша ағынына негіздеме жасау мен Компания аясында қабылданған және салалық тәжірибе мәліметін ескеру арқылы жорамалдарды сыни қарау жатады.

Біз сақтандыру шарттары қорларына қатысты, басты жорамалдарды бағалау, сезімталдық деңгейі мен шығындар тарихын талдауды қоса алғанда, Компанияның ашып көрсеткен ақпаратының жеткілікті болу мәселесін қарастырдық.

Қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Компания басшылығы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсынуға, сонымен қатар Компания басшылығының пікірінше қаржылық есептілікті дайындауда елеулі бұрмалаулар, жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателіктерді болдыртпау мақсатында ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз етуге жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау үшін, үздіксіз қызметке қатысты мәліметтерді тиісті жағдайларда жария ету үшін және басшылық Компанияны жоюды, қызметін тоқтатуды көздеу жағдайларын немесе қызметті жою мен тоқтатудан басқа баламаның жоқтығының болмағандығын есепке алмағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті дайындау үшін жауапты болып табылады.

Компания басшылығы қаржылық есептілікті дайындау процесін бақылауына жауапты болып табылады.

Қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің аудитіміздің мақсаты қаржылық есептілікте ықылассыз әрекеттер немесе қателер нәтижесінде пайда болатын жалпылай маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы толықтай сенімділікке ие болу және пікірімізді білдіретін тәуелсіз аудиторлар есебін шығару. Жеткілікті сенімділік сенімділіктің жоғарғы деңгейі болып табылады, алайда, ХАС сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалауларды, егер бар болса, әрқашан анықтай алатындығына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаулар ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алуы мүмкін, және, егер басқалардан бөлек немесе бірге қаржылық есептілікті пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне ықпал ете алса, олар маңызды деп қаралады.

Біздің аудитте ХАС сәйкес кәсіби пайымдаманы қолданамыз және аудитті жоспарлау мен жүргізу барысында кәсіби күмәншілдік қағидасын басшылыққа аламыз. Сонымен қатар:

- Ықылассыз әрекеттер немесе қателер салдарынан болған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалау қауіптерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерді табу үшін аудиторлық тәсілдерді жасаймыз және қолданамыз, және өз пікірімізді білдіру үшін толық және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қаупі қателер салдарынан пайда болатын маңызды бұрмалауларды таппау қаупінен жоғарырақ, өйткені ықылассыз әрекеттерге келісім, алдау, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап беру немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері жатады.
- Біз ішкі бақылау жүйесін аудит процесінде қолдану үшін белгілі бір қалыптасқан жағдайда қолдана алатын аудиторлық тәсілдерді дайындау мақсатында зерттейміз, оның мақсаты Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру емес.
- Қолданыстағы есеп саясатының дұрыстығын және бухгалтерлік бағалардың негізділігін, басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын зерттейміз.
- Басшылық қызметінің үздіксіздік қағидасын қолдану заңдылығы туралы және Компанияның үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыру қабілетіне күмән келтіруі мүмкін жағдайдарларға байланысты елеулі белгісіздікті анықтайтын аудиторлық дәлелдер негізінде қорытынды жасаймыз. Елеулі белгісіздіктің бар екендігіне көз жеткізген жағдайларда біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікке жасалатын ескертпелерге назар аударуымыз қажет немесе тиісті деңгейде ақпаратты ашау жағдайында пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің тұжырымымыз есебіміздің дайындалу күніне алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешектегі оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз негізде өз қызметін жалғастыра алу қабілетіне әсер етуі мүмкін.
- Қаржылық есептіліктің жалпы құрамын, құрылымын және мазмұнын, сонымен қатар, ақпараттың ашылуын, осыған негізделген операциялар мен оқиғалардың дұрыстығын қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз Компанияны басқаратын тұлғаларға жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ, аудит барысында көзге түскен маңызды аудиторлық ескертулер, ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабар береміз.

Қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі, жалғасы

Біз, сонымен қатар, Компанияны басқаратын тұлғаларға аудиторлық тәуелсіздікке қатысты барлық әдептік талаптарды орындау туралы мәлімдемені табыстаймыз және аудиторлардың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді түрде саналатын барлық мәселелер туралы, ал қажет жағдайларда – қолданылған сақтық шаралары туралы хабардар етеміз.

Компания басқаратын тұлғаларға табысталған мәселелердің қатарына біз ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудитіне аса маңызды мәселелерді жатқызамыз, сондықтан олар аудиттің түйінді мәселелері болып табылады. Егер заңдық талаптарға қайшы келмесе, біз осы мәселелерді өз аудиторлық есебімізде немесе өте сирек жағдайларда, ашып көрсету қоғамдық қызығушылығының туындауына әкелетін жағымсыз салдарды ескере отырып, қандай да бір мәселе есебімізде болмау керектігін түсіну негізінде оны ашып көрсетеміз.

Бекітемін

Серик Кожикенов
Аудит серіктесі
Сертификатталған аудитор
Біліктілік куәлігі №0000557
2003 жылдың 24 желтоқсаны
«Moore Stephens Kazakhstan» ЖШС
Атқарушы директоры
26 сәуір 2018



Айдар Аитов
Жоба серіктесі



Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен 2016 жылдың 11 қазанында берілген аудиторлық қызметпен айналысу құқығын беретін № 16015633 мемлекеттік лицензия.

мың теңге	Ескертпе	2017	2016
Активтер			
Ақша қаражаттары	3	293,275	97,163
Банктік депозиттер	4	2,702,608	3,330,510
Әділ құнының кірісі немесе шығысы арқылы бағаланатын қаржылық активтер	5	540,429	729,500
Кері репо келісімдері	6	85,044	140,099
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	7	554,214	512,687
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		58,837	47,714
Өзге активтер	8	696,777	203,161
Кейінге қалдырылған аквизиционды шығындар		59,892	29,771
Негізгі құрал-жабдықтар	9	340,997	166,005
Материалдық емес активтер	10	573,926	574
Активтер жиыны		5,905,999	5,257,184
Міндеттемелер			
Провизиялар		12,748	12,748
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	11	302,148	314,815
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру жарналары бойынша резерв	12 (а)	932,218	826,354
Сақтандыру талаптарын реттеу шығындары мен шығыстары бойынша резерв	12 (ә)	788,952	1,086,867
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	18 (ә)	35,550	1,341
Өзге міндеттемелер	13	633,871	33,065
		2,705,487	2,275,190
Капитал			
Акционерлік капитал	14 (а)	2,360,000	860,000
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	14 (б)	229,989	89,953
Резервтік капитал	14 (в)	12,326	—
Таратылмаған табыс		598,197	2,032,041
		3,200,512	2,981,994
Капитал мен міндеттемелер жиыны		5,905,999	5,257,184

Осы қаржылық есептілікті Компанияның басшылығы 2018 жылдың 26 сәуірінде бекітті және оның атынан қол қойған:

Курлеутов Э.М.

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру
жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ
Басқарма төрағасы

Филимонова Н.В.

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру
жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ
Бас бухгалтер

TRANSLATED

мың теңге	Ескертпе	2017	2016
Сақтандыру жарналары	15	5,172,537	4,319,672
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру жарналары бойынша резервтің өзгеруі	15, 12	(105,864)	57,179
Еңбек сіңірілген сақтандыру жарналары		5,066,673	4,376,851
Сақтандыру төлемдері	15	(4,127,553)	(3,544,728)
Сақтандыру талаптарын реттеу шығындары мен шығыстары бойынша резервтердің өзгеруі	15	297,915	(293,689)
Сақтандыру төлемдерін жүргізу бойынша шығыстар		(3,829,638)	(3,838,417)
Комиссиялық шығыстар	15	(324,970)	(266,507)
Сақтандыру қызметі бойынша табыс		912,065	271,927
Инвестициялық қызметтен түскен табыс	16	165,947	242,469
Шетелдік валютамен операциялары бойынша таза шығын		(21,948)	(111,305)
Инвестициялық қызметтен түскен табыс		143,999	131,164
Жалпыәкімшілік шығыстар	17	(892,488)	(761,893)
Күмәнді берешектер бойынша резервті қалыптастыру (қалпына келтіру)		(37,863)	458,442
Өзге операциялық кірістер, нетто		25,602	6,782
Операциялық шығыстар, нетто		(904,749)	(296,669)
Салық салуға дейінгі табыс		151,315	106,422
Табыс салығы бойынша шығыстар	18 (a)	(35,893)	(42,888)
Жыл бойынша таза табыс		115,422	63,534
Өзге жиынтық табыс			
Кіріс пен шығыс құрамына реклассификациялануы мүмкін емес баптар:			
Табыс салығын шегергендегі негізгі құрал-жабдықтардың өділ бағасын түзету		145,655	—
Толық жиынтық табыс		261,077	63,534

TRANSLATED

мың теңге	Ескертпе	2017	2016
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары			
Салық салуға дейінгі табыс		151,315	106,422
Түзетулер:			
Сақтандыру резервіндегі өзгерістер	12	(192,051)	236,510
Инвестициялық қызметтен түскен табыс	16	(165,947)	(242,469)
Курс айырмасынан іске аспаған шығыс		15,231	104,937
Тозу және амортизация		68,531	14,072
Күмәнді берешектер бойынша резервті қалыптастыру (қалпына келтіру)		37,863	(21,271)
Негізгі құрал-жабдықтардың және материалдық емес активтердің шығуынан болған шығыс		110	5,914
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының операциялық активтері мен міндеттемелерінің өзгерістеріне дейінгі қозғалысы		(84,948)	204,115
Операциялық активтердің өзгеруі:			
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің (көбеюі) азаюы		(65,886)	21,812
Өзге активтердің көбеюі		(483,505)	(76,351)
Кейінге қалдырылған аквизиционды шығыстардың көбеюі (азаюы)		(30,121)	7,276
Операциялық активтердің көбеюі		(579,512)	(47,263)
Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:			
Провизиялардың азаюы		—	(437,268)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің (азаюы) көбеюі		(12,667)	117,586
Өзге міндеттемелердің көбеюі (азаюы)		247	(905)
Операциялық міндеттемелердің азаюы		(12,420)	(320,587)
Пайыздарды алуға және табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметте қолданылған ақша қаражаттары		(676,880)	(163,735)
Алынған пайыздар		86,140	131,682
Төленген табыс салығы		(49,221)	(36,208)
Операциялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары		(639,961)	(68,261)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары			
Банктегі қысқа мерзімді депозиттердің түсуі (шығуы)		677,760	(145,626)
Кері РЕПО операциялары бойынша таза кіріс (шығыс)		54,999	(98,099)
Қаржы активтерін сатып алу		(314,744)	(164,479)
Қаржы активтерін сатуынан түскен түсімдер		512,332	413,156
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалды емес активтерді сатып алу		(79,616)	(6,759)
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалды емес активтерді сатудан түскен түсімдер		2,700	—
Инвестициялық қызметтен (қызметте қолданылған) таза ақша қаражаттары		853,431	(1,807)
Ақша қаражаттарының таза көбеюі (азаюы)		213,470	(70,068)
Жыл басындағы ақша қаражаттары		97,163	181,971
Айырбастау курсы өзгеруінің ақша қаражаттарына әсері		(17,358)	(14,740)
Жыл соңындағы ақша қаражаттары	3	293,275	97,163

Ақшалай емес операциялар

Компания төмендегідей ақшалай емес операциялар жүргізген:

- 2017 жылы Компания негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаған. Қайта бағалау сомасы 182,069 мың теңгені құрады.
- 1,500,000 мың теңге көлеміндегі Компанияның шығарылған қарапайым акциялары бойынша акционерлердің берешегі Компанияның дивидендтер бойынша қарызын төлеу есебіне жатқызылған (2016: нөл).

TRANSLATED

мың теңге	Акцияерлік капитал	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резерві	Резервтік капитал	Таратылмаған табыс	Капитал жиыны
2016 жылдың 1 қаңтарына	860,000	92,304	11,167	1,954,989	2,918,460
Жылдық таза табыс	—	—	—	63,534	63,534
Толық жиынтық табыс	—	—	—	63,534	63,534
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	—	(2,351)	—	2,351	—
Резервтік капиталға аудару	—	—	(11,167)	11,167	—
2016 жылдың 31 желтоқсанына	860,000	89,953	—	2,032,041	2,981,994
Жылдық таза табыс	—	—	—	115,422	115,422
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалаудан түскен табыс	—	145,655	—	—	145,655
Толық жиынтық табыс	—	145,655	—	115,422	261,077
Жаңа акциялардың шығарылуы	1,500,000	—	—	—	1,500,000
Жарияланған дивидендтер	—	—	—	(1,542,559)	(1,542,559)
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	—	(5,619)	—	5,619	—
Резервтік капиталға аудару	—	—	12,326	(12,326)	—
2017 жылдың 31 желтоқсанына	2,360,000	229,989	12,326	598,197	3,200,512

TRANSLATED